ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

19 маусым 2023 жыл № 1112-23-00-2/1184 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Әкім Қуандық Ералыұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы "Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер Әкім Қуандық Ералыұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Әкім Қуандық Ералыұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Әкім Қуандық Ералыұлынан мемлекеттік пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас

тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.С.Бегенбаева

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 19.06.2023

Дата вступления в законную силу: 27.07.2023, судья Бегенбаева А. С., 18.08.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»